

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 869 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 мамырдағы № 245 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 869 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2018 ж., № 68, 423-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2019 жылға арналған жоспарында:

реттік нөмірлері 1, 2, 3-1, 3-2-жолдар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 5-1, 5-2-жолдармен толықтырылсын:

"

5 - 1 .	Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі	Әділетмині, ЖС (келісу бойынша)	Қаңтар	Ақпан	Мамыр	Н.В. Пан, А. Қ. Қыдырбаева
5 - 2 .	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Әділетмині, ЖС (келісу бойынша)	Қаңтар	Ақпан	Мамыр	Н.В. Пан, А. Қ. Қыдырбаева

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 21-1, 21-2-жолдармен толықтырылсын:

"

21 -1 .	Педагогтің мәртебесі туралы	БҒМ	Тамыз	Тамыз	Қыркүйек	Ә. А. Суханбердиева
21 -2 .	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагогтің мәртебесі, оқушы мен мұғалімнің жүктемесін төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	БҒМ	Тамыз	Тамыз	Қыркүйек	Ә. А. Суханбердиева

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 27-1-жолмен толықтырылсын:

"

27 - 1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктерді қайта бөлу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	ҰЭМ	Қыркүйек	Қазан	Желтоқсан	А. Д. Жұмабеков
---------------	---	-----	----------	-------	-----------	--------------------

";

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК